

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

1. Раджаб М.Р., Асбат Н.А. Историко-правовой аспект ненадлежащего оказания медицинской помощи в уголовном законодательстве России // Государственная служба и кадры ДГМУ № 1/2020. СТ. 75-78.
2. Бимбинов А.А. Медицинские преступления: понятие и состояние // Юридический вестник ДГУ. Т. 28. 2018. №4. СТ. 136-140.
3. Медицинское уголовное право: монография // А.И. Парог, Т.Г. Понятовская, А.А. Бимбинов, В.Н. Воронин; ред. А. И. Парог. — Москва: Проспект, 2022. — 576 с.
4. Судебная статистика РФ // URL: <https://stat.апи-пресс.рф/stats/ug/t/14/s/17> (дата обращения: 01.02.2023).
5. Vademecum // URL: <https://vademec.ru/news/2021/09/17/dvukh-vrachey-kliniki-meditsina-24-7-pomestili-v-sizo/> (дата обращения 02.02.2023)
6. Change.org // URL: https://www.change.org/p/спасти-врачей-онкологов-от-тюрьмы?utm_content=cl_sharecopy_30736957_ru-RU%3A5&recruiter=1226879426&utm_source=share_petition&utm_medium=copylink&utm_campaign=share_petition (дата обращения 02.02.2023)
7. Множественность лиц в преступлении: учебное пособие для бакалавров // Ю.А. Клименко, Д.М. Молчанов; ред. А.И. Парог, Московского государственного юридического университета им. О.Е. Кутафина (МГЮА). - М.: Проспект, 2019. - 144 с.
8. См., напр: Приговор Раменского городского суда № 1-151/2017 от 28 марта 2017 г. по делу № 1-151/2017. Доступ из интернет-ресурса Судебные и нормативные акты РФ».

УДК 343.3/.7

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚЫСҚАША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Нүридин Сандуғаш Нүридинқызы

Nuridin2019@list.ru

*заң ғылымдарының магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің 3-курс докторанты, Қазақстан Республикасы, Астана қ.*

Ғылым жетекшісі – Е.А.Онгарбаев

XVII ғасырда Ресейде шартты түрде мерзімінен бұрын босату элементтерінің пайда болу тарихын және оның институт ретінде дамуы мен қалыптасуын, біздің мемлекетіміз бен посткеңестік кеңістіктегі елдердің дамуымен тығыз байланысын ескере отырып, ең алдымен Ресей заң шығарушысының заманауи тәжірибесін қарастырамыз.

Біз атап өткендей, шартты түрде мерзімінен бұрын босату 1909 жылы маусымда Ресейде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы заңның қабылдануымен басталды. Аталған заңға сәйкес сотталған адам бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген мерзімі ішінде жергілікті жұртшылықтың бақылауында және қамқорлығында болады. Бұл әрекет қылмыскерді сынау идеясына, қоғамдағы қалыпты өмірге деген ұмтылысын дәлелдеу мүмкіндігіне негізделген. Бақылауды патронат мекемелері, жергілікті судьялар және земство учаскелік бастықтары жүзеге асырды. Полицияның қадағалауы да алынып тасталған жоқ.

Бүгінгі күні Ресейдің қолданыстағы қылмыстық заңнамасының жалпы бөлімнің IV бөлімінде қылмыстық құқықтың екі тәуелсіз институтын ажыратады: қылмыстық

жауапкершіліктен босату (Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 11-тарауы) және жазадан босату (Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 12-тарауы). Сондай-ақ қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың жекелеген мәселелері 13-тарауда «Рақымшылық. Кешірім. Соттылық» (IV бөлім) және Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 14-тарауы «Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және жазалау ерекшеліктері» (V бөлім) қарастырылған.

Бұл жерде қылмыстық жауаптылықтан босату деп қылмыс жасаған және оның субъектісі болып табылатын адамды құзырлы мемлекеттік органның құқықтық актісінде көрсетілген әрекеттері үшін қандай да бір мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудан толық және сөзсіз босату түсініледі [1, Б. 511]. «Жазадан босату» деп сот қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға тағайындаған жазаны өтеуден толық немесе ішінара, шартты немесе сөзсіз босатуға жататын заңда белгіленген нормалар жүйесін айтамыз [1, Б. 534].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ресейдің, Грузияның, Өзбекстанның Қылмыстық кодекстерінен айырмашылығы, бұл екі дербес қылмыстық құқық институты ҚР Қылмыстық кодексінің 5-бөлімінің «Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату» бөлімінде біріктірілген), ал 86 және 87-баптары ҚР Қылмыстық кодексінің 6-бөлімінің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» бөлімінде қарастырылған.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін сотталған адам құқыққа сай мінез-құлқы болуымен қатар, залалды толығымен өтеуге міндетті, ал Ресей заңнамасында зиян сот анықтаған мөлшерде толығымен немесе ішінара өтелуі мүмкін. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 79-бабының 4.1-бөлімінде көрсетілгендей, сотталушының жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қарау кезінде сот сотталушының мінез-құлқын, оның жазаны өтеудің барлық кезеңінде оқуға және еңбекке ынтасын, оның ішінде барлық көтермелеулері мен жазалардың, сотталғанның жасалған әрекетке қатынасын және сотталғанның қылмыс нәтижесінде келтірілген залалды ішінара немесе толығымен өтегені немесе келтірілген зиянды басқа жолмен өтегені, сондай-ақ оны түзеу мекемесі әкімшілігінің оны шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың орындылығы туралы қорытындысы ескеріледі. Ақыл-есін жоққа шығармайтын жыныстық артықшылықтың бұзылуынан (педофилиядан) зардап шегетін және он сегіз жастан асқанда он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған сотталған адамға қатысты сот сотталған адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды, сонымен бірге оның емделуге көзқарасын және сот-психиатриялық сараптаманың нәтижелерін ескереді [2].

Негізінде, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның алдына міндеттер қоятын адамның құқыққа сай мінез-құлқының шарттары шартты түрде сотталған кезде де (Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 73-бабының 5-бөлігі) және бас бостандығын шектеу кезінде де (ҚР ҚК 44-бабының 2-бөлігі) бірдей болып табылады, олар: – сотталғанның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын өзгертпеу, белгілі бір орындарға бармау; психоактивті заттарды қолданумен байланысты болатын психикалық, мінез-құлқы бұзылыстарынан (аурулардан), жыныстық жолмен берілетін аурулардан емдеу курсынан өту; отбасына материалдық қолдау көрсету; сотталған адамды түзетуге және оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттер.

Қазақстан Республикасында, сондай-ақ Ресейде және жақын шетелдік мемлекеттерде жазаны өтеу үшін нақты қажетті мерзім адам жасаған қылмыстың санаты мен түрін ескере отырып, заңмен белгіленген. Егер осы бөлімдер бойынша Ресей мен Қазақстанның Қылмыстық кодексін салыстыратын болсақ, онда олар ҚР Қылмыстық кодексінің 72-бабы 3-бөлігінің 4 және 5-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, бірдей деп айтуға болады. Мысалы, Ресей Федерациясында – бұл кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар үшін, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар мен олардың

прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үш бөлігіне; сонымен қатар, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 205, 205.1, 205.2, 205.3, 205.4, 205.5 және 210 баптарымен қарастырылған қылмыстар; он төрт жасқа толмаған, кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар үшін кемінде жиырма бес жыл – өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамдар үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде бестен төрт бөлігіне тең (РФ ҚК-нің 79-б. 5-б.).

Яғни, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату террористік акт, террористік әрекетке жәрдемдесу, террористік әрекетті жүзеге асыруға жария түрде шақыру, терроризмді жария түрде ақтау немесе терроризмді насихаттау және т. б. үшін сотталған адамдардың кең ауқымына қолданылады деп айтуға болады. Сондай-ақ, өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеп жүрген адамдарға, бірақ оларда қасақана бұзушылықтар болмаған кезде, өткен жылдар ішінде, сондай-ақ егер өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде ол жаңа ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасамаса, шартты түрде мерзімінен бұрын босату көзделген.

Егер Қазақстанда бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін болса, онда Ресейде — бас бостандығынан айырылғандардан басқа, тәртіптік әскери бөлімде жазасын өтеп жүрген, мәжбүрлі жұмысқа сотталғандар да, Қырғызстанда — бас бостандығынан айыруға немесе тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған адамдар да, Өзбекстанда, сондай-ақ бас бостандығынан айырылғандар, тәртіптік бөлімге жіберуге, қызмет бойынша шектеуге немесе түзеу жұмыстарына сотталғандар, Грузияда – қоғамдық пайдалы еңбек, түзеу жұмыстары, Әскери қызмет бойынша шектеулер немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталғандарды бас бостандығынан айырудан басқа сотталғандар, Беларусьсияда-белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, түзеу жұмыстарындағы, әскери қызмет бойынша шектеулер қолданылған, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдар да мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату шұғыл және мерзімсіз (өмір бойы) бас бостандығынан айыру шеңберінде, ал Аргентинада — ауыр жұмысқа немесе үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған және мерзімінің үштен екі бөлігін өтеген адамдарға қолданылады. Егер жаза мерзімі үш жылдан аз болса, онда шартты түрде мерзімінен бұрын босату бойынша нақты мерзім кемінде сегіз ай ауыр жұмыс және кемінде бір жыл бас бостандығынан айыру болып табылады.

Сондай-ақ, барлық елдерде жазаны өтеудің міндетті мерзімі бірдей — кем дегенде алты ай, тек Түркияда тағайындалған жаза мерзімінің төрттен бірінен кем болмауы тиіс [3].

Айта кететін жайт, Түркияда бас бостандығынан айыру уақытша ауыр қамау, қамау және жеңіл қамау деп аталады және үш кезеңге бөлінеді. Тұтқынды екінші кезеңнен үшінші кезеңге ауыстыру үшін оның мінез-құлқы үлгілі болуы тиіс. Үлгілі мінез-құлық деп сотталушының мекемеде белгіленген мінез-құлық талаптарына сай болуын және оның мекеме қызметкерлерімен және басқа сотталғандармен қарым-қатынасының үлгілі болуын айтамыз [4]. Түркияның Қылмыстық кодексінің 13-бабы, ауыр қамауда және үштен бір бөлігі қамауда немесе жеңіл қамауда шартты түрде босатуды сұрауға құқылы. Мұндай жағдайларда шартты түрде босату жүргізілетін мерзім тағайындалған жазаның төрттен бірінен кем болмауы тиіс.

Сонымен қатар, Түркияның Қылмыстық кодексінің 51-бабы шартты түрде мерзімінен бұрын босатумен және шартты жазамен ұқсас түрмеге қамауды кейінге қалдыруды қарастырады. Сонымен, өзі жасаған қылмысы үшін екі жылға дейін бас бостандығынан айырылған адамға үкім шартты түрде болуы мүмкін. Бұл мерзімнің жоғарғы шегі он сегіз жасқа толмаған немесе әрекет жасалған кезде алпыс бес жасқа толған адамдар үшін үш жылды құрайды [4]. Сондай-ақ, отандық заңнамадағыдай, түрік заңнамасы бойынша залал толық өтелуі тиіс, егер залал ішінара өтелсе, онда адам шарт орындалғанға дейін атқарушы

мекемеде болуды жалғастырады. Сондай-ақ тағайындалған мерзім кезеңінде сотталғанды сүйемелдеу және тексеру үшін сынақ мерзімі мен сарапшы тағайындалады. Сарапшы (атқарушы мекеме қызметкері) сотталған адамның мінез-құлқы, оның әлеуметтік бірлігі және одан әрі дамуы (еңбек, оқу және т.б.) туралы есептерді дайындайды.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша Қытайдың тәжірибесіне тоқталып өткім келеді.

Сонымен, Қытайда мерзімінен бұрын босату елдің Қылмыстық кодексінде көрсетілген жазаны жеңілдету ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қытайдың Қылмыстық кодексінің 78-бабына сәйкес, жазаны жеңілдету үшін адам шынымен өкініп, жақсы жаққа өзгеруі керек немесе үлкен еңбек сіңіруі қажет. Үлкен еңбек дегеніміз: басқа ауыр қылмыстың жолын кесу; бас бостандығынан айыру орындарында немесе одан тыс жерлерде дайындалатын ауыр қылмыс туралы хабарлау (егер бұл хабар тексеру кезінде рас болып табылса); жаңашылдықты немесе техникалық жетілдіруді ойлап табу; қарапайым өмірде және жұмыста жанқиярлықтың көріністері; табиғи апаттармен күресу немесе үлкен аварияларды жою кезінде үлгілі мінез-құлықтың көріністері; мемлекет пен қоғам алдында үлкен еңбегінің болуы. Нақты өтелген қадағалау, мерзімінен бұрын бас бостандығынан айыру мерзімі жаза мерзімін жеңілдетудің есегі бастапқы белгіленген мерзімнің жартысынан төмен болмауы тиіс; мерзімсіз бас бостандығынан айыру – 10 жылдан кем болмауы тиіс [5].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату Қытай Қылмыстық заңнамасының §7 реттеледі (Қытай Қылмыстық кодексінің 81-86-баптары). Қытай Қылмыстық Кодексінің 81-бабына сәйкес, егер мерзімінен бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған адам жазаның жартысын және одан да көп мерзімін өтесе, ал мерзімсіз бас бостандығынан айыруға сотталған адам 10 және одан да көп жыл жазасын өтесе және бұл ретте өкініп, түзелсе, онда мұндай босату қоғамға қауіп төндірмеген жағдайда ол жазаны өтеуден шартты түрде босатылуы мүмкін.

Ерекше жағдайлар болған кезде Жоғарғы халық сотының санкциясымен шартты түрде босату бұрын көрсетілген мерзімдерде де қолданылуы мүмкін.

Сотталған рецидивистерге, сондай-ақ адамдардың өліміне, жарылысқа, тонауға, зорлауға, адамдарды ұрлауға әкеп соққан қылмыстары үшін және басқа да зорлық-зомбылық қылмыстары үшін не 10 жылдан астам мерзімге мерзімсіз бас бостандығынан айыруға, мерзімінен бұрын бас бостандығынан айыруға сотталғандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылмайды.

Мерзімді бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар үшін шартты түрде босатылған күннен бастап, ал 10 жыл мерзіммен – мерзімсіз бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар үшін жазаның жалпы мерзімі аяқталғанға дейін белгіленетін сынақ мерзімі қолданыла бастайды. Сынақ мерзімі кезінде бақылауды қоғамдық қауіпсіздік органдары жүргізеді.

Бұл ретте шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам:

- 1) заңдарды, әкімшілік қағидаларды, қадағалау қағидаларын сақтауға;
- 2) бақылаушы органның ережелеріне сәйкес өз қызметі туралы баяндауға;
- 3) қонақтарды қабылдауға қатысты бақылаушы органның ережелерін сақтауға;
- 4) уезден, тұрақты тұратын қаладан кетуді немесе тұрғылықты жерін өзгертуде тек бақылаушы органның санкциясымен ғана жүзеге асыруға міндетті (Қытай ҚК 84-бабы).

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылады және сотталған адам, егер сынақ мерзімі кезінде өтелмеген жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыру орындарына жіберіледі:

- сотталғанға дейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның әлі сотталмаған басқа қылмыстары бар екені анықталды;

- шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам қадағалауға қатысты ҚХР Мемлекеттік кеңесінің заңын, Әкімшілік ережелерін немесе қоғамдық қауіпсіздік органының ережелерін бұзады немесе жаңа қылмыс жасайды.

Сонымен, біз өзіміз қарастырған барлық елде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгілі бір міндеттер жүктелетінін көреміз, Олардың орындалмауы Еуропа Кеңесінің 22 Министрлер комитетінің «Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы» Рес (2003) Ұсынымдарында айтылған. Мәселен, «Жүктелген міндеттерді сақтамау» Еуропа кеңесінің ұсынымдарының VII бөлімнің 30, 31-тармақтарына сәйкес: «30. Жүктелген міндеттерді елеусіз бұзған жағдайда құзыретті атқарушы орган қамаудағыға ескерту жасауға немесе ұсынымдар беруге тиіс. Ауыр бұзушылықтардың барлық жағдайлары шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою туралы шешім шығаруы мүмкін органның назарына дереу жеткізілуі керек. Алайда, бұл орган жаңа ескерту, кезекті ұсыныстар, қатаң міндеттер қою немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды уақытша жою жеткілікті жаза бола ма деген мәселені қарастыруы керек. 31. Жалпы, жүктелген міндеттерді сақтамау 85-Ережеге және қоғамдық санкциялар мен шаралар туралы Еуропалық ережелердің х тарауының қалған тиісті ережелеріне сәйкес қарастырылуы керек» [6].

Сондай-ақ Еуропа Кеңесі Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге № R (92) 16 ұсынымының «Құқық бұзушыларды қоғамнан оқшауламай жазаларды және өзге де шараларды орындаудың Еуропалық ережелері туралы» 85 Ережесінде «Құқық бұзушыны қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаның немесе өзге де шаралардың күшін жою мүмкіндігін қараған жағдайда, оның белгіленген шарттар мен міндеттерді қалай және қандай көлемде сақтағанын тиісті түрде ескеру қажет» деп көрсетілген [7].

Сонымен қатар, № Rес (2000) 22 Ұсынымының II қосымшасына сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату кейіннен қадағалаумен аталған қоғамдық санкциялар мен құқық бұзушыға әсер ету шараларының бірі ретінде ұсынылған [8].

Аталған және өзге де халықаралық құжаттар адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді қалыптастырады, дегенмен олар ұсынымдық сипатқа ие, сондықтан әлемдік қоғамдастық мемлекеттері оларды сақтап, оларды ұстануға тиіс.

Осылайша, қорытындылай келе, отандық заңнама, сондай-ақ Ресейдің, посткеңестік кеңістік мемлекеттерінің заңнамасы және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату саласындағы шет елдердің нормалары ХІХ-ХХ ғасырларда құрылған қылмыстық құқық және криминология ғылыми мектептерінің ықпалына ұшырады деген қорытындыға келеміз. Жалпы, дамыған шет елдер мен посткеңестік кеңістік елдерінің заңнамалары қарастырылып отырған қылмыстық-құқықтық институтты реттеуге қатысты топтық ұқсастықтарға ие.

Осылайша, барлық елдердің заңнамасы бойынша жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату қылмысқа кінәлі адамдарға гуманизмді көрсету құралы ретінде және «түрме халқын» қысқарту үшін мемлекет саясатын жүзеге асыру құралы ретінде қолданылады. Бұл барлық елдер қолданатын негіздемені, өлшемшарттарды, сынақ мерзімін, шарттар мен салдарды қамтитын жазаның қалған өтелмеген бөлігінен босатудың шартты ішінара түрі, айырмашылық тек адам жазадан босатылуы мүмкін мерзімдерді, сондай-ақ шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылатын адамдар тобын құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уголовное право России: Общая часть (с основными положениями Общей части уголовного права стран Азии, Африки, Латинской Америки): Учебник / Под ред. О. А. Ястребова, Л. А. Букалеровой. — М.: РУДН, 2017. — 616 б.
2. Уголовный кодекс Российской Федерации Принят Государственной Думой 24 мая 1996 года. Одобрен Советом Федерации 5 июня 1996 года (действующая редакция от 29.12.2022) // КОДИФИКАЦИЯ.РФ действующее законодательство Российской Федерации <https://rulaws.ru/uk/Razdel-IV/Glava-12/Statya-79/>
3. Уголовный кодекс Турции от 26.09.2004 // <https://av-saimincekas.com/ru>

4. European commission for democracy through law (venice commission) Strasbourg, 15 February 2016 // [https://www.venice.coe.int/webforms/documents/default.aspx?pdffile=CDL-REF\(2016\)011-e](https://www.venice.coe.int/webforms/documents/default.aspx?pdffile=CDL-REF(2016)011-e)

5. Уголовный кодекс Китайской Народной Республики принят на 5-й сессии Всекитайского собрания народных представителей шестого созыва 14 марта 1997 г. // http://ru.china-embassy.gov.cn/rus/zfhz/zgflyd/201601/t20160111_3149373.htm

6. Рекомендация Rec (2003) 22 Комитета министров Совета Европы "Об условно досрочном освобождении" Принята 24.09.2003 на 853-ем заседании Кабинета Министров (неофициальный перевод) // <https://rm.coe.int/16806f411b>

7. Рекомендация № R (92) 16 Комитета Министров Совета Европы государствам-членам «О Европейских правилах исполнения наказаний и иных мер без изоляции правонарушителей от общества» принята Комитетом Министров 19 октября 1992 г. на 482 заседании постоянных представителей министров // Түрмелердің толып кетуін болдырмау жөніндегі Еуропа Кеңесінің құжаттар жинағы. — Страсбург, 2015. — Б. 5-32.

8. Рекомендация № R (2000) 22 Комитета Министров государствам-членам «О совершенствовании Европейских правил применения общественных санкций и мер воздействия» принята Комитетом Министров 29 ноября 2000 года на 731 заседании на уровне заместителей министров // <https://rm.coe.int/e-compendium-in-azeri/16806ab9ac>

УДК 343.13

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ СУИЦИД: СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Сұлтан Сырым Серікұлы
sryymsultan21@mail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Заң факультетінің 3 курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Б. Муратханова*

Қазіргі таңда Қазақстанда ғана емес, жалпы әлемдегі шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі – адамдардың өзін өзі өлтіруі, яғни – суицид.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының басты күресіп жатқан жағдай да осы мәселе. Себебі, әлемдік масштабта адам өлімі себебінде суицид екінші орын алып тұр. Бұл дегеніміз, күн сайын жер бетінде 3 мың адам өз өзіне қол жұмсап қайтыс болса, жылына 1 млн адам өз қолымен өмірлерін қиюда.

Қазақстанда әр күні 9-10 Қазақстандық өзін өзі өлтіруде. Прокуратура органдарының ресми статистикасында Қазақстандағы соңғы бес жылдағы өзін өзі өлтіру жыл сайын сол бір деңгейде өтіп жатқаны анықталған. Жылына 3,5 мыңнан 4 мыңға дейін адам өзін құрбан етсе, 4,2 – 4,8 адам аралығында осыған оқталады.

Суицид құрбандарында ер адамдар үлесі әйел адамдарға қарағанда 4 есе жоғары. Алайда осы әрекетке оқталуда әйелдердің үлесі артық, бірақ әртүрлі себеппен ол әрекеті соңына жетпей жатады.

2023 жылғы ДДСҰ рейтингінде суицид бойынша 1-ші орынды Африка аймағындағы Лесото мемлекеті алып тұр (әр 100 мың адамның 73 адамы өзіне қол жұмсайды). Ресей 8 орында, ал бұған дейін ондыққа кіріп келген Қазақстан Моңғолиядан кейінгі 19 орынға